

## Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 2-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 7 мамырда № 7-4-130 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 6 қарашадағы № 13-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы аудандық мәслихаттың 06.11.2013 № 13-3 шешімімен**

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес Бекей ордасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Бекей ордасы ауданында тұратын мұқтаж азаматтардың келесі жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) мемлекеттік мереке Женіс Құніне:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне – 50 000 (елу мың) тенге;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан әскери қызметшілердің қайта некеге тұрмаған жұбайына (зайыбына) – 10 000 (он мың) тенге; бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза болған (қайтыс болған) әскери қызметшілер отбасыларына - 10 000 (он мың) тенге; екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 10 000 (он мың) тенге;

қайтыс болған Ұлы Отан соғысының мүгедектерінің қайта некеге тұрмаған әйелдеріне (куйеулеріне) – 5 000 (бес мың) тенге;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар - 5 000 (бес мың) тенге ;

соғыс жылдарында тылда еңбек еткен азаматтарға – 3 000 (үш мың) теңге;

2) Мерекелік даталарға:

жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер - 10 000 (он мың) теңге;

1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдар - 10 000 (он мың) теңге;

"Алтын алқамен", "Күміс алқамен" марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналар - 5 000 (бес мың) теңге;

он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған туберкулезben ауратын азаматтарға, табысына қарамастан біржолғы 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) "Капустин Яр" және "Азғыр" полигондарымен шектесетін Бөкей ордасы ауданында тұратын бала кезінен мүгедектерге, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға және бірінші топтағы мүгедек балаларға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын әлеуметтік көмек төленсін, екінші топ мүгедектеріне 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, үшінші топ мүгедектеріне 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) аудандық комиссияның шешімімен:

аз қамтылған азамат қайтыс болған жағдайда оның отбасына жерлеу шығындарын өтеуге 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын отбасының жанұя мүшесі науқасқа шалдыққан жағдайда дәрігердің жолдамасына сәйкес емделу үшін 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

100 жасқа толған және одан асқан адамдарға табысына қарамастан біржолғы 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

өрт, су тасқыны, басқа да табиғи немесе техногендік сипаттағы апат сияқты төтенше жағдайларға зардап шеккен отбасыларына біржолғы 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен адамдарға (отбасыларға) 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерін және оларға теңестірілген адамдарды, олардың жесірлерін, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларын, тылда еңбек етіп, әскери қызмет өткерген азаматтарды жергілікті бюджетпен көзделген қаражат шектерде санаторлық курорттық емделуді ұсыну.

**Ескерту. 1 тармақта өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихаттың 2012.12.21 № 7-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен**

**бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

**2. Күші жойылды деп танылсын:**

1) Бекей ордасы аудандық мәслихатының "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді бекіту туралы" 2010 жылғы 26 ақпандағы № 20-4 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-4-102 тіркелген, 2010 жылғы 31 наурыз-5 сәуірдегі "Орда жұлдызы" газетінің № 15 жарияланған);

2) Бекей ордасы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 14 қарашадағы "Бекей ордасы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 ақпандағы № 20-4 "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 32-2 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-4-121 тіркелген 2012 жылғы 10 қаңтар-16 қаңтардағы "Орда жұлдызы" газетінің № 2 жарияланған).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*H. X. Тәжмұратов*

*Аудандық мәслихат хатшысы E. K. Тақатов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК